



БҰЙРЫҚ

№ 183

ПРИКАЗ

22.05.2023 жыл.

**Білім беру ұйымдарында
заңсыз ақша қаражаттарын
жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 63 және 64 баптарының және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында заңсыз қаражат жинау фактілерінің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөлімге бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:
 - 1.1. Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;
 - 1.2. Заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау туралы мұғалімдер мен ата – аналар арасында алдын алу жұмыстары күшейтілсін;
 - 1.3. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдансын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектор меңгерушісі С.Карабалинаға жүктелсін.

Бөлім басшысы



А.Усербаев